

«Марал Ресорсез» ЖШС «2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылдың 24 ақпанында берілген №3183-EL барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысында CNL_003 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» Жобаны қарау бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

1. Аумағында қызметі жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы:

«Жамбыл облысы Сарысу ауданы Қамқалы ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ;

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

Жобаның атауы: «Марал Ресорсез» ЖШС «2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылдың 24 ақпанында берілген №3183-EL барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысында CNL_003 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» (қарастырылып отырған жобалық материалдардың толық, нақты атауы).

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы.

«Жамбыл облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ;

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" ШЖҚ РМҚ.

4. Жоспарланған қызметтің орналасқан жері (жоспарланған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары):

Көзделіп отырған қызметтің өнеркәсіптік алаңы: Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы және Сарысу ауданы орналасқан.

Географиялық учаскенің шеткі нүктелері координаттар:

1 нүкте – 45°14'54.02"C, 71°11'1.02"B;

2 нүкте – 45°14'50.88"C, 71°31'56.37"B;

3 нүкте – 45°11'53.15"C, 71° 6'54.07"B;

4 нүкте – 45° 4'7.79"C, 71° 8'56.70"B;

5 нүкте – 45° 8'59.34"C, 71°32'0.64"B;

6 нүкте – 45° 7'58.79"C, 71°31'4.63"B.

5. Жоспарланған қызметтің ықтимал әсерінен зардап шеккен барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы:

Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы және Сарысу ауданы

(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік–аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері:

«Марал Ресорсез» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Толе би көшесі, 101 ү., Блок в, БСН 241040004836, телефон: 87710611494, aslan@pallasresources.com.

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондар, факстар, электрондық пошталар, сайттар)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді құрастырушылардың немесе стратегиялық экологиялық бағалау бойынша есептерді дайындау бойынша сыртқы тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері:

«Ғылыми-зерттеу орталығы «Биосфера Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 071040007864, заңды және нақты мекенжайы: 100012, Қарағанды қаласы, Қарағанды облысы, Қазыбек Би атындағы аудан, Мұстафин көшесі, 7/2 үйі, телефон: 8 (7212) 561750, 8 (7212) 911752; e-mail: biosfera.krg@mail.ru

(оның ішінде нақты атауы, ведомстволық бағыныстылығы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондар, факстар, электрондық пошталар, сайттар және басқа да ақпарат)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысының күндері мен уақыты):

Қоғамдық тыңдаулар өткізу күні: 13.08.2025

Қатысушыларды тіркеуді бастау уақыты: 10:45;

Қоғамдық тыңдаулардың басталу уақыты 11:00;

Қоғамдық тыңдаулардың аяқталу уақыты: 11:14

Қоғамдық тыңдаулар өткізу орны: Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Қамқалы а.о., Жайлаукөл ауылы, Кеңес к-сі, 6-үй.

(қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу және аяқталу уақыты, тыңдау өтетін жердің толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Көзделіп отырған қызмет бастамашысынан сұрау хаттың көшірмесі және әкімшілік–аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының қоғамдық тыңдаулар өткізу шарттарын келісу туралы жауап–хатының көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **(Хаттамаға № 3 қосымша).**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса беріледі. **(Хаттамаға № 4 қосымша).**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі тәсілдермен таратылады:

1) «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтта;

Жобалар бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/#hearings> орналасқан шығару күні: 11.07.2025.

2) Жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет–ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет–ресурсында

МИО сайтында «Қоғамдық талқылаулар» бөлімінде шығару күні: 11.07.2025.

<https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru>

3) қозғалатын аумақ шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік–аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және кемінде бір теле–немесе радиоарна арқылы; қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін жиырма жұмыс күні:

«Магнолия» газетінде 02 шілде 2025 жылғы № 25 (1757)

(хабарландырудың атауы, нөмірі және жарияланған күні, сканерленген хабарландыру қосымшасымен: сканерленген газеттің мұқаба беті және қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру беті)

«ЖАМБЫЛ» телеарнасы: хабарландыруы бар бейнеролик 2025 жылғы 30.06.2025 ж. - 02.07.2025 ж. дейін телеарна эфирінде орналастырылды.

(теле немесе радиоарнаның атауы, хабарландыру күні: теле немесе радиоарнада қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса тіркелуге (жариялануға) жатады)

4) қолданыстағы әкімшілік–аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі халық үшін қолжетімді орындарда келесі мекенжайлар бойынша 2 хабарландыру санында:

1. Кітапхана ғимараты жанында орналасқан ауылдық бюллетень тақташасы;
Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

– Хатшыны тағайындау

Цешковский Вадим Максимович («Биосфера Казахстан» ҒЗО» ЖШС жобалау ұйымының өкілі)

«жақтау» – 9, «қарсы» – 0 қалыс қалды – 2;

– Регламентті бекіту:

«жақтау» – 9, «қарсы» – 0 қалыс қалды – 2.

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер :

«Марал Ресорсез» ЖШС баяндамашы – Маликова Әсел

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)

Баяндама тақырыбы: «Марал Ресорсез» ЖШС «2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылдың 24 ақпанында берілген №3183-ЕЛ барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысында CNL 003 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп», баяндама беттерінің саны – 11, слайдтар саны – 20.

(баяндама тақырыбы, беттер, слайдтар, файлдар, плакаттар, сызбалар саны)

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. (Хаттамаға № 5 қосымша).

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдаулар өткізу барысында айтылған мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың барлық ескертулері мен ұсыныстарын қамтитын жиынтық кесте; бастамашының әрбір ескерту мен ұсыныс бойынша жауаптары мен түсініктемелері. Қоғамдық тыңдаулар нысанасымен анық байланысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар «қоғамдық тыңдаулар нысанасына қатысы жоқ» деген белгісі бар кестеге енгізіледі.

Кесте осы қоғамдық тыңдау хаттамасына № 1 қосымшада ұсынылған.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатын құжаттардың сапасы (негіздемемен) туралы пікірі, оларды түсінудің толықтығы мен қолжетімділігі тұрғысынан тыңдалған баяндамалар, оларды жақсарту жөніндегі ұсынымдар:

Құжаттаманы түсінудің толықтығы мен қолжетімділігін бірауыздан растаймыз, қарсылықтар, шағымдар мен ескертулер жоқ. Қоғамдық тыңдаулар өткізілді деп есептеледі.

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:
Мұноскеров Бұлаш Нұрланұлы Қамбала ауылдық округі
алпарат жетекшісі Машама
Мұноскеров
«13» тамыз 2025 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:
Щешковский Вадим Максимович
инженер-эколог ФЗО Биосфера Қазақстан ШМС
Щешковский
«13» тамыз 2025 ж.

Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және оның барысында алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі

№пп	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы)	Ескерту (алынған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1	Сұрақтар мен ескертулер түскен жоқ		

Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу регламенті

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу.	10:45
Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаулардың ашылуы.	11:00
Баяндамашылардың сөз сөйлеуі (ұзақтығы әрбір нақты жағдайда жеке белгіленеді).	15 минут
Баяндамаларды талқылау (ұзақтығы әрбір нақты жағдайда белгіленеді).	10 минут
Баяндамалар бойынша қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады. Баяндамашылар өз кезегінде қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді.	5 минут
Қоғамдық тыңдаулардың қорытындысын шығару (ұзақтығы әрбір нақты жағдайда белгіленеді).	5 минут

Сұрау хаты:

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 25322531001, Дата: 25/06/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Проведение оценки воздействия на окружающую среду (в том числе сопровождаемой оценкой трансграничных воздействий)

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: Жамбылская область, Сарысузский район, Камвалинский с.о., с. Жайлаудуоль

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территории которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:
Предмет общественных слушаний: Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки Твердых полезных ископаемых на участке CNL_003 в Жамбылской области по Лицензии на разведку №3183-ЕЛ от 24 февраля 2025 года на 2025-2030гг.

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Проект согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Жамбылская область, Сарысузский район, Камвалинский с.о., с. Жайлаудуоль ул. Кенес, дом 6 Ссылка на ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=a94U3pV29XTZlFaFYzQytNY1NZU09&omr=87060977870> Идентификатор конференции: 334 664 8553 Пароль совещания: 561750, 13/08/2025 11.00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

Газета Магнолия; Телеканал «АМБУЛ»

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Жамбылская область, Сарысузский район, Камвалинский с.о., с. Жайлаудуоль, ул. Кенес, дом 6 (доска объявлений села, расположенная возле здания библиотеки)

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Проект также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением

итогах слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Марал Ресорсес" (БИН: 241040004836), +7(705)-776-32-77, aymzhan@palasresources.com

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Жауап хат:

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных слушаний

исходящий номер: 25322531001, Дата: 25/06/2025

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №25322531001, от 25/06/2025 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки Твердых полезных ископаемых на участке CNL_003 в Жамбылской области по Лицензии на разведку №3183-ЕЛ от 24 февраля 2025 года на 2025-2030гг., в предлагаемую Вами 13/08/2025 11.00, Жамбылская область, Сарысузский район, Камвалинский с.о., с. Жайлаудуоль ул. Кенес, дом 6 Ссылка на ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/3346648553?pwd=a94U3pV29XTZlFaFYzQytNY1NZU09&omr=87060977870> Идентификатор конференции: 334 664 8553 Пароль совещания: 561750(дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний", или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1, 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Марал Ресорсес" (БИН: 241040004836), +7(705)-776-32-77, aymzhan@palasresources.com

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың ашық жиналыс нысанындағы тіркеу парағы

2025 жылдың 13 тамызында сағат 11:00-де. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Қамқалы а.о., Жайлауқол ауылы, Кеңес к-сі, 6-үй.



Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы «Марал Ресорсез» ЖШС «2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылдың 24 ақпанында берілген №3183-EL барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысында CNL_003 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ықтимал әсерлер туралы есеп» қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар

Регистрационный лист участников общественных слушаний в форме открытого собрания

13 августа 2025 года в 11:00, Жамбылская область, Сарысуский район, Камкалинский с.о., с. Жайлауколь, ул. Кеңес, дом 6

Предмет общественных слушаний:

Отчет о возможных воздействиях к Плану разведки Твердых полезных ископаемых на участке CNL_003 в Жамбылской области по Лицензии на разведку №3183-EL от 24 февраля 2025 года на 2025-2030гг.

№ пп	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
№ пп	Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника	Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора)	Контактный номер телефона	Формат участия (очно или посредством видеосвязи)	Подпись (в случае участия на открытом собрании)
1	2	3	4	5	6
1	Дегулетов Решатқали	Ауыл Бұрғань	87750535 1682	оско	
2	Ахметов Тоғраш	Ауыл Тұрғань	87701108 4113	оско	

№ пп	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы саясаты (мүдделі жұртышылықтан, жұртышылықтан, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференция-байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
№ пп	Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника	Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора)	Контактный номер телефона	Формат участия (очно или посредством видеосвязи)	Подпись (в случае участия на открытом собрании)
1	2	3	4	5	6
3	Аманбаев Талғат	аудал Тұрғын	8778176 5372	очно	
4	Қобаяев Азамат	агроп Тұрғын	8702352 3753	очно	
5	Қобаяев С	8778 аудал Тұрғын		очно	
6	Қулибаев Қанайел	Мақсаткер Тұрғын	874743029	очно	
7	Қулибаев Азамат	Мақсаткер Тұрғын Әкімшілік Өкілі	87781479815	очно	
8	Қулибаев Азамат	Мақсаткер ресурсы	877166 1191	очно	
9	Қулибаев Азамат Масишев	ТОО иш Биссерера Қазақстан	8777 535466	очно	
10	Қулибаев Вадим Максимов	ТОО иш Биссерера Қазақстан	8201013 3222	очно	
11	Қулибаев Жен Бакотович	Мақсаткер	8700514 0207	очно	

Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Баяндама

2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылғы 24 ақпандағы №3183-ЕЛ барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысындағы CNL_003 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына Ықтимал әсерлер туралы есебін қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар

Қатты пайдалы қазбаларды барлау бойынша жұмыстарды орындау барысында көрсетілетін қоршаған ортаға экологиялық бағалау жүргізу кезінде қоғамдық пікірді есепке алу.

Жоспарланған жұмыстардың мақсаты-Аu, Сu және АG кендерінің көрінісін анықтау, аумақты одан әрі зерттеудің орындылығын анықтау.

Талқылауға ұсынылды:

2025-2030 жылдарға арналған 2025 жылғы 24 ақпандағы №3183-ЕЛ барлау лицензиясы бойынша Жамбыл облысындағы CNL_003 учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспарына Ықтимал әсерлер туралы есебін қарау бойынша қоғамдық тыңдаулар.

Жұртшылықты таныстыру үшін жобалық материалдар келесі сайттарда орналастырылды:

Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай - күйі туралы Ұлттық деректер банкі (<https://ndbecology.gov.kz/>) және Жамбыл облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat?lang=ru>, олар кемінде 30 күнтізбелік күн танысу үшін еркін қол жетімді жерде болды.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу және жобалық материалдармен танысу мүмкіндігі туралы ақпарат БАҚ-та жарияланды:

«Магнолия» газетінде 2 шілде 2025 жылғы №25 (1757);

«Jambyl» телеарнасында - хабарландыру бейнеролигі 2025 жылдың 30 маусымы мен 02.07.2025 ж. аралығында көрсетілді.

Сондай-ақ, ауыл клубының хабарландыру тақтасында (кітапхана ғимаратының жанында орналасқан) 2025 жылғы 29 маусымда қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру орналастырылды.

3183-ЕЛ қатты пайдалы қазбаларды барлауға арналған лицензия негізінде жер қойнауын пайдаланушы болып табылады. Жұмыс алаңы 174 барлау блогын қамтиды. Учаскенің жалпы ауданы - 42 218,4 Га.

Учаске Жамбыл облысының Сарысу және Мойынқұм аудандарында орналасқан ең жақын тұрғын аймақ – Ұланбел ауылы, ол жобаланатын жұмыстардың шекарасынан оңтүстік бағытта 26 км қашықтықта орналасқан. Жайлаукөл кентіне дейінгі қашықтық – 60 км.

Лицензия аумағында санитарлық-профилактикалық мекемелер, демалыс аймақтары, медициналық мекемелер, сәулет ескерткіштері жоқ.

№3183-ЕЛ лицензия учаскесі «Бетпақдала» жергілікті маңызы бар зоологиялық мемлекеттік табиғи қорықшасының аумағында орналасқан.


Қатты пайдалы қазбаларға іздеу-бағалау жұмыстарын жүргізу үшін келесі жұмыс түрлерін қамтитын геологиялық барлау жұмыстарының кешенін жүргізу көзделген:

- жобалау,
- іздеу маршруттары,
- геохимиялық іздеу әдістері,
- геофизикалық жұмыстар, бұрғылау жұмыстары,
- топографиялық-геодезиялық жұмыстар,
- сынамалау,
- сынама дайындау,
- зертханалық жұмыстар,

- камералдық жұмыстар.

2025 жылғы 26 мамырдағы KZ45VWF00354562 қоршаған ортаға әсерді бағалауды және (немесе) көзделіп отырған қызметтің әсерлерін скринингті қамту аясын айқындау туралы қорытындыға сәйкес көзделіп отырған қызмет түрі – №3183-EL лицензия учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау – III санаттағы объектіге жатады.

Ауданның ахуалдық карта-схемасы



Далалық жұмыстар геологиялық барлау жұмыстарының келесі кешенін қамтитын болады:

1. геофизикалық зерттеулер, оның ішінде:
 - аэромагниттік, аэрогравиметриялық, аэроэлектромагниттік түсірілім;
 - жер үсті магниттік түсіру, қиыршық тас-барлау, сейсмикалық барлау және профильді электр барлау;
2. бұрғылау жұмыстары;
3. Ұңғымаларды геофизикалық зерттеу;
4. барлық қол жетімді құдықтарда, бұлақтарда және ұңғымаларда жынысөзек пен суды геохимиялық сынау.

Жұмыстар далалық зерттеулердің нәтижелері бар дерекқорларды құрудан, тарихи және жаңадан алынған деректердің үлкен көлемін компьютерлік өңдеуден, бөлінген кенді перспективалы объектілер мен алаңдарды сипаттаудан, табылған пайдалы қазбалардың ресурстарын бағалаудан, аралық және түпкілікті есептерді жасаудан тұрады.

Геологиялық барлау жұмыстары кезінде атмосфералық ауаның ластануы тұрғысынан келесі эмиссия көздерін бөліп көрсетуге болады:

- топырақты алып тастау, содан кейін оны қалпына келтіру;
- зумпфтарды ұйымдастыру және оларды қайта толтыру;
- бұрғылау жұмыстары;
- бұрғылау қондырғыларының негізгі және қосалқы ДЭС, каротаж станциясының ДЭС; далалық лагерь ДЭС пайдалану;
- ДЭС (бұрғылау алаңдарында және далалық лагерьде) автожанармай құюшымен толтыру;
- Cessna 208 В ұшағының жанармай бағына жанармай құю.

Жұмыстың барлық түрлері осы қызмет түрі үшін стандартты, ал олардың әсері жергілікті және қысқа мерзімді.

Әсер ету аймағы мүмкіндігінше 500 метр қашықтықта таралады, одан тыс атмосфералық ауа нормаларының бұзылуы болжанбайды.

Суды тұтыну және суды бұру.

Жоспарланған қызметті іске асыру барысында судың 2 санатын пайдалану көзделген:

– ауыз сулары - қызметкерлердің шаруашылық-ауыз су қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тұтыну көлемі: 140,544 м³/жылына құрайды. Сумен жабдықтау көзі әкелінген сатып алынған бөтелкедегі су болып табылады.

- техникалық су – бұрғылау алаңдарын ұйымдастыру үшін (топырақпен жұмыс кезінде шаңды басу), сондай-ақ бұрғылау жұмыстарын жүргізу кезінде. Тұтынудың максималды көлемі жылына 600 м³ құрайды. Сумен жабдықтау көзі-техникалық сапалы әкелінген сатып алынған су. Техникалық қажеттіліктерге су тұтыну – қайтарымсыз. Су тұтыну көлемін қысқарту үшін зумпфтарды пайдалана отырып, айналымды сумен жабдықтаудың жергілікті жүйесін ұйымдастыру көзделген.

Шаруашылық ағынды суларды табиғи объектілерге ағызуға жол берілмейді. Ағынды суларды герметикалық ыдыстарға жинау, содан кейін жақын маңдағы тазарту құрылыстарына (қалалық немесе кенттік) айдау және әкету қарастырылған.

Жер үсті сулары. Қатты пайдалы қазбаларды барлау бойынша жұмыстарды жүргізу көзделген лицензия учаскесі орналасқан ауданның гидрографиялық желісі лицензия учаскесінен оңтүстік бағытта ағатын Шу өзенімен ұсынылған. Лицензия учаскесінен Шу өзеніне дейінгі қашықтық-23 км.

Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 318 «Жамбыл облысының су объектілерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерін және оларды шаруашылық пайдалану режимін белгілеу туралы» қаулысына сәйкес Сарысу ауданының аумағында Шу және Талас өзендері үшін ені 500 м, су қорғау белдеулері 35-75 м су қорғау аймақтары белгіленген.

Осылайша, лицензияланған аумақ су қорғау аймақтары мен жолақтарынан тыс орналасқан.

Жер асты сулары. Жобаланатын жұмыстардың шекарасында шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға арналған жерасты сулары кен орындары жоқ.

Қатты пайдалы қазбаларды барлау бойынша жобаланатын жұмыстарды жүргізу жер асты суларының сапасы мен гидрологиялық жай-күйінің нашарлауына (ластануына, бітелуіне, сарқылуына) әкеп соқпайды. Бұрғылау жұмыстарының аяқталуына қарай ұңғымаларды консервациялау немесе тампондау көзделген.

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында қалдықтардың 7 түрі түзілетін болады:

- қатты тұрмыстық қалдықтар;
- бұрғылау шламы;
- полиэтилен қалдықтары;
- медициналық пункттің қалдықтары;
- пайдаланылған мотор майы;-
- пайдаланылған майланған сүзгілер;
- майланған шүберек.

Қалдықтардың пайда болуының жылдық ең жоғары көлемі жылына 721,246 т құрайды, оның 720 тоннасы бұрғылау шламына келеді.

Пайда болған қалдықтарды кейіннен мамандандырылған бөгде ұйымдарға толық көлемде бере отырып, герметикалық ыдыстарда жинақтау көзделген (лицензия аумағында пайда болған сәттен бастап 6 айдан аспайтын жинақтау).


Бұрғылау алаңдарын ұйымдастыру барысында топырақ-өсімдік қабатын сақтау және зумпфтарды ұйымдастыру үшін қазу-жоспарлау жер жұмыстарын орындау көзделген. Бір бұрғылау алаңының параметрлері - 15м × 25м, бір зумпфтың өлшемдері-3м×5м×2м, сайтта барлығы 2 зумпф.

Топырақты сақтау кезінде оның ұшуын болдырмау үшін топырақ қоймасын полиэтилен пленкамен жабу қарастырылған.

Бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін және аумақты жабдықтан және басқалардан босатқаннан кейін қалпына келтірудің техникалық кезеңін жүргізу көзделген, атап айтқанда, зумпфтарды топырақпен қайта толтыру, содан кейін бүкіл бұзылған аумақта топырақ қабаты мен ландшафтты қалпына келтіру жүргізіледі.

Топыраққа мұнай өнімдерінің төгілуін болдырмау үшін алаңда жұмыс істейтін барлық техника арнайы поддондармен жабдықталатын болады. Техниканы толтыру автожанармай құюшымен қарастырылған.

Геологиялық жұмыстарды жүргізудің иллюстрациясы



Қатты пайдалы қазбаларды барлау бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде ағаш-бұта екпелерін кесуге жол берілмейді.

Бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін алынған топырақ-өсімдік қабаты қалпына келтірілуі тиіс. Әрбір бұрғылау алаңында жұмыстарды орындаудың қысқа кезеңі тамыр жүйесі, баданалар, өсімдіктердің мицелийі бар тамырлы топырақ қабатының сақталуына кепілдік береді, бұл келесі вегетациялық кезеңде бұзылған дақылдардың өнуіне кепілдік береді.

Көлік пен техниканың өтуі үшін қолданыстағы топырақ жолдарын пайдалану қарастырылған. Жол желісінен тыс көліктің көп жүрмеуімен өсімдіктер әр түрлі әрекет етеді, бірақ келесі маусымға дейін ол толығымен қалпына келеді.

Жобалық жұмыстарды орындау аудан өсімдіктерінің құрамы мен әртүрлілігіне теріс әсер етпейді.

мемлекеттік табиғи қорықшасының аумағында орналасқан. Қорықша аумағында ҚР Қызыл кітабына енгізілген құстар мен жануарлар мекендейді.

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңына (69-баптың 1-тармағы) және Жамбыл облысы әкімдігінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы №20 қаулысына (2-қосымша) «Бетпақдала» жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қорықшасын құру туралы» сәйкес зоологиялық қорықша аумағында келесі қызметтерге тыйым салынады: 1) уәкілетті органның рұқсаты бойынша ғылыми-зерттеу, ұдайы өндірістік және мелиорациялық мақсаттарда алып қою жағдайларын қоспағанда, балықты қоспағанда, жануарларды кез келген тәсілмен және құралдармен аулау; 2) жануарлардың бөтен түрлерін интродукциялау; 3) Ұяларды, шұңқырларды және басқа да мекендеу орындарын бұзу; 4) жұмыртқа жинау.

Жоспарланған қызмет заңға қайшы келетін әрекеттерді жүзеге асыруды көздемейді.

Көзделіп отырған қызметтің жануарлар әлеміне теріс әсерін болдырмау үшін келесі іс шараларды орындау көзделген:

аэротүсірілім бойынша жұмыстарды жүргізу құстардың көші-қоны болмаған кезеңде көзделсін;

жұмыс жүргізу алаңының және іргелес алаңдардың аумағын таза ұстау;

түнде көлік құралдарының қозғалыс белсенділігін төмендету, жылдамдық режимін сақтау;

көлік режимін оңтайландыру;

ҚР стандарттарына сәйкес келетін шу деңгейі төмен заманауи жабдықтар мен машиналарды қолдану;

техникаға тұрақты техникалық қызмет көрсету және оны өндірушілердің стандарттарына сәйкес пайдалану;

- жоғары құрылымдардың механикалық кедергілері туралы құстардың жарақат алу жағдайларын азайту үшін бұрғылау алаңын жарықтандыруды ұйымдастыру қарастырылған, жарықтың әсер ету қаупін азайту үшін жасыл-көк спектрлі шамдарды пайдалану керек;

- шудың ластануының теріс әсерін азайту үшін ҚР стандарттарына сәйкес келетін шу деңгейі төмен заманауи жабдықтар мен машиналарды пайдалану, сондай-ақ көлік құралдары мен техниканың бос жүрісіндегі жұмысын болдырмау көзделген;

- жабайы жануарлардың өлімін болдырмау үшін бұрғылау жұмыстары учаскелерін (зумпфтарды) қоршауды көздеу;

- кәсіпорын жүргізушілері мен мердігерлеріне автокөліктерде жануарларды қууға тыйым салынады; - геологиялық барлау жұмыстары қабылданған жобалық шешімдерге қатаң сәйкес жүргізілсін.

Ауданның жануарлар әлеміне әсері жергілікті, уақыт бойынша шектеулі сипатқа ие және қарастырылып отырған және іргелес аудандардағы фаунаның түрлік құрамы мен санының өзгеруіне әкелмейді.

Жұмыстың негізгі физикалық факторлары - арнайы техникадан шыққан шу мен діріл.

Жұмыс барысында қазіргі заманғы жабдықтар мен машиналарды пайдалану көзделген, бұл қазірдің өзінде жұмыс орындары үшін белгіленген физикалық факторлардың әсер етуінің шекті рұқсат етілген деңгейлеріне сәйкестігінің кепілі болып табылады.

Шу көздерінен ауданның жануарлар әлеміне шу әсер етуі жергілікті, уақыт бойынша шектеулі сипатқа ие және жобаға сәйкес барлық жұмыстарды орындау кезінде қарастырылып отырған және іргелес аудандардағы фаунаның түрлері мен санының өзгеруіне әкелмейді.

Жақын елді мекендерге дейінгі едәуір қашықтықты ескере отырып, халыққа теріс әсер ету болжанбайды.

Назарыңызға рақмет!